



CIVIL  
CENTER  
ALMATY

№ 332.1

26.02.2025г.

Алматы азаматтық орталығы үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық белсенділерге даму мәселелері бойынша кәсіби әдістемелік және практикалық көмек алу, әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешу, ҮЕҰ, азаматтық белсенділер мен азаматтық қоғамның басқа да субъектілерін қолдау, олардың әлеуеті мен құзыреттерін арттыруға жәрдемдесу үшін жағдай жасау мақсатында өз қызметін жүзеге асырады.

## Ақпараттық Бюллетень Алматы қаласының азаматтық орталығы

*Құрметті оқырмандар!*

*Алматы қаласының азаматтық орталығы ақпараттық бюллетень шығарады, онда сіз Қазақстанның Азаматтық секторының жаңалықтарын, қызмет туралы, көрсетілетін қызметтер, іс-шаралар туралы және Сіздің ұйымыңыздың жобалары туралы материалдарды орналастыра аласыз.*

### Мазмұны

Әлеуметтік идеялар мен жобалар сайысы XXI Республикалық әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі 2025	2-3
Барлық ҮЕҰ өкілдерін Дүниежүзілік ҮЕҰ күніне арналған білім беру іс-шараларына шақырамыз!	4-6
Алматы облысының ауылдық аймақтарындағы азаматтық бастамаларды белсендіру	7
Балқаш ауданындағы жобалар	8
Жамбыл ауданындағы жобалар	9
Райымбек ауданындағы жобалар	10
Кеген ауданындағы жобалар	11
Жамбыл ауданындағы жастар жобалары	12
Ұйғыр ауданындағы жобалар	13
Біздің ақпараттық бюллетеньді кім алғысы келеді?	14
Біз туралы	15

### Маңызды ақпарат



### ХАБАРЛАНДЫРУ

Сіздерді Бүкіләлемдік ҮЕҰ күніне арналған білім беру іс-шараларына шақырамыз!

27 АҚПАНЫНДА  
2025 ЖЫЛДЫҢ

САФАТ  
9:30-ДЕ



7 (7172) 79 08 71, 79 08 03, 79 08 20.

**Нұрсұлтан Назарбаев Қоры ХХІ Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі аясында өтетін «Қазіргі әлемдегі жастар мен жасөспірімдерді қолдау: сын-қатерлер мен шешімдер»** тақырыбындағы республикалық әлеуметтік идеялар мен жобалар байқауына қатысуға шақырады.

Байқау жастар мен жасөспірімдерге қатысты өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған үздік бастамаларды анықтауға, қолдауға және дамытуға арналған. Егер жастардың қазіргі заманға бейімделуіне, әлеуетін ашуға, кәсіби дағдысын дамытуға және қоғам мен цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесетін инновациялық идея немесе іске асырылып жатқан жобаңыз болса, байқау сізге арналған!

### Байқаудың мақсаттары

- Жастарды қолдауға бағытталған үздік әлеуметтік бастамаларды анықтау және танымал ету.
- Жасөспірімдер мен жастардың алдында тұрған өзекті мәселелерге қоғам назарын аудару.
- Жастардың кәсіби дағдысын дамыту және табысты жұмысқа орналасуына жағдай жасау.
- Білім беру мекемелері, бизнес және қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ету.
- Жасөспірімдер мен жастардың психологиялық және цифрлық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жаңа тәжірибелерді енгізу.

### Байқау номинациялары

Байқау жастардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған **үш негізгі бағытты** қамтиды.

#### 1. «Ертеңгі күннің көшбасшысы: жастардың кәсіби дамуы»

Қолдау көрсетілетін жобалар:

- Жастардың кәсіби дағдысын дамыту және оларды қазіргі еңбек нарығының талаптарына дайындау.
- Жасөспірімдерді түрлі саланың мамандарымен байланыстыратын тәлімгерлік бағдарламаларын ұйымдастыру.
- Soft skills (коммуникация, уақытты басқару, сыни ойлау) дамытуға арналған тренингтер мен шеберлік дәрістерін өткізу.
- Кәсіптік бағдар беру: мансаптық кеңес беру, кәсіпорындарға экскурсия мен тағылымдамалар ұйымдастыру.
- Жас мамандарды дайындаудың креативті әдістерін әзірлеу және жастар бастамаларын қолдау.

### 2. «Зорлық-зомбылықсыз болашақ: алдын алу шаралары»

Қолдау көрсетілетін жобалар:

- Жасөспірімдер мен жастарға депрессияның, мазасыздықтың және психоактивті заттарды теріс мақсатта пайдаланудың алдын алуда көмек көрсету.
- Психологиялық қолдау және менталдық, сексуалдық денсаулық мәселелері бойынша кәсіби кеңес беру.
- Зорлық-зомбылықтың, оның ішінде буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға бағытталған бағдарламалар.
- Жастардың зорлық-зомбылық туралы хабардарлығын арттыру және өзін-өзі қорғау тәсілдері туралы білім беру науқандары.
- Жасөспірімдер үшін қауіпсіз орта құру және отбасылық қарым-қатынасты нығайту.

### 3. «Жастар мен жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігі»

Қолдау көрсетілетін жобалар:

- Медиа сауаттылық, сыни ойлау және жалған жаңалықты тану қабілетін дамыту.
- Жастарға интернеттегі қауіпсіз мінез-құлыққа және цифрлық қауіптерден қорғауға үйрету.
- Цифрлық трансформацияның сын-қатерлеріне білім беруді бейімдеуге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу.
- Желідегі этикалық мінез-құлықты қалыптастыру және ақпараттық манипуляцияларға төзімділікті қалыптастыратын бастамалар.
- Жастарға мамандық таңдау және жұмысқа орналасу кезінде цифрлық құралдарды тиімді қолдануға көмектесу.

#### Байқауды өткізу кезеңдері

- I кезең (1 наурыз – 30 сәуір 2025 ж.) – өтінімдерді қабылдау және бастапқы іріктеу.
- II кезең (5 – 12 мамыр 2025 ж.) – сараптамалық бағалау және үздік 50 жобаны таңдау.
- III кезең (21–22 мамыр 2025 ж.) – байқау финалы: үздік жобаларды онлайн қорғау және жеңімпаздарды анықтау.

#### Қалай өтінім беруге болады?

- Өтінімді MsWord форматында (қазақ немесе орыс тілінде) толтырыңыз.
- Өтінімді [innovaproekt@fnn.kz](mailto:innovaproekt@fnn.kz) электронды поштасына жіберіңіз.
- Хаттың тақырыбында «ӘИЖ 2025 байқауы – өтінім» деп көрсетіңіз.
- Байланыс тұлғасы: Ершиманова Гүлнәр Орынбасарқызы
- Телефон: 8 (727) 339-65-37

**Дереккөз: құжаттарды жүктеу: <https://fnn.kz/kz/competition/77>**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Сіздерді Бүкіләлемдік ҮЕҰ күніне арналған білім беру іс-шараларына шақырамыз!

27 АҚПАНЫНДА  
2025 ЖЫЛДЫҢ

САҒАТ  
9:30-ДЕ



7 (7172) 79 08 71, 79 08 03, 79 08 20.

Барлық ҮЕҰ өкілдерін Дүниежүзілік ҮЕҰ күніне арналған білім беру іс-шараларына шақырамыз!

2025 жылғы 27 ақпанда Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ҮЕҰ өкілдері үшін онлайн форматта бірқатар білім беру іс-шараларын өткізеді. Дүниежүзілік ҮЕҰ күні-жыл сайын 27 ақпанда атап өтілетін Халықаралық мереке.

Бұл күні біз үкіметтік емес ұйымдардың

қоғамды дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесін атап өтеміз. Бұл күні біз сіздерді Астанадағы кеңсемізде (Қабанбай батыр даңғылы, 11/5, 5 қабат) "ашық есік күнінде" күтеміз. Сіз гранттық конкурстарға қатысу мәселелері бойынша кеңес ала аласыз және әлеуметтік жобаларды іске асырудың табысты тәжірибелерімен таныса аласыз.

Сонымен қатар, біз Орталықтың Facebook-тегі ресми парақшасында ҮЕҰ үшін ең өзекті тақырыптар бойынша онлайн мастер-класстар мен семинарлар сериясын өткіземіз. Толығырақ телефон арқылы: +7 (7172) 79 08 71, 79 08 03, 79 08 20

## ҮЕҰ-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ СТРИМІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1 Күні бойы

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ-нда ашық есік күні. Орталық кеңсесінде қызығушылық танытқандар гранттық байқауларға қатысу бойынша кеңес ала алады.



### 2 9-30 9-35

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ төрағасы Л. Диастың Халықаралық ҮЕҰ күнімен құттықтауы мен шараны ашуы



### 3 9-35 10-20

«ҮЕҰ үшін стратегиялық жоспарлау» мастер-классы  
Альжанова Аида, «ADAM DAMU» ҚҚ жетекшісі



### 4 10-25 11-10

«Әлеуметтік жобалау» (на каз) мастер-классы  
Ахметова Жибек, ЗТБ «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы»



### 5 11-15 12-00

«Тиімді коммуникациялар» мастер-классы  
Абдыхалыков Каиржан Саясатович, ЗТБ «Almaty Azamattyq Alliance» жетекшісі



## ҮЕҰ-НЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ СТРИМІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

6 12-05 12-50

«Бизнес-компаниялар үшін ҮЕҰ аутсорсинг қызметтері» мастер-классы  
Бегалиева Захира Онгарбаевна, «IteachMe» ҚҚ жетекшісі



7 13-00 14-30

Үзіліс



8 14-30 15-15

«Өтінімді дайындау үшін деректерді талдау» мастер-классы Кайдарова  
Торгын, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жастар ресурстық  
орталықтарын әдістемелік қамтамасыз ету басқармасының басшысы



9 15-20 16-05

«Әлеуметтік жобаларға мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау» мастер-  
классы. Тленчиева Шырын, Қазақ ұлттық жоғары оқу орнының Философия,  
саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD кандидаты



10 16-10 16-55

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранттық  
конкурстарына қатысуға өтінімдерді толтыру» мастер-классы. Ермакова  
Айнур, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бас менеджері





## ФОРМЫ ВЛИЯНИЯ ЖИТЕЛЕЙ НА ОБЩЕСТВЕННУЮ И ПОЛИТИЧЕСКУЮ ЖИЗНЬ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В РАМКАХ ПРОЕКТА  
«АКТИВИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОЙ  
ИНИЦИАТИВЫ В СЕЛЬСКИХ  
РАЙОНАХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ



1. **Участие в выборах:** голосование на выборах президента, депутатов парламента, акимов и местных маслихатов.

2. **Обращения и петиции:** направлять обращения и петиции в государственные органы, в том числе через [eOtinish](#).

3. **Участие в общественных советах:** работа в советах при государственных органах.

4. **Участие в общественных слушаниях:** обсуждение важных вопросов, таких как градостроительство и экология.

5. **Участие в НПО и общественных организациях:** членство в неправительственных организациях и общественных объединениях.

6. **Участие в местном самоуправлении:** работа в маслихатах и акиматах, участие в собраниях и обсуждениях.

7. **Участие в общественных инициативах и акциях:** организация и участие в экологических, благотворительных, культурных и спортивных мероприятиях.

ЭТИ ФОРМЫ УЧАСТИЯ ПОЗВОЛЯЮТ ЖИТЕЛЯМ КАЗАХСТАНА АКТИВНО ВЛИЯТЬ НА ОБЩЕСТВЕННУЮ И ПОЛИТИЧЕСКУЮ ЖИЗНЬ, ЗАЩИЩАТЬ СВОИ ПРАВА И ИНТЕРЕСЫ, А ТАКЖЕ ВНОСИТЬ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА

Тираж 300 экз.

## Алматы облысының ауылдық аймақтарындағы азаматтық бастамаларды белсендіру

“Алматы облысының ауылдық аймақтарындағы азаматтық бастамаларды белсендіру” жобасы аясында жобаны жүзеге асыру аумақтарында нақты проблемаларды анықтау, белгілеу және шешу бойынша жұмыс жүргізілді. Жергілікті қауымдастықтың белсенді қатысуымен және халықтың қажеттіліктерін бірлесіп бағалау әдісін (ҚБӘ) қолдана отырып, анықталған мәселелерді шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламалар кешені әзірленіп, іске асырылды, оған жергілікті қауымдастық пен қоғамдық ұйымдар қатысты. Проблемалар әр аудандағы зерттеулердің нәтижелері бойынша анықталды (онлайн екі зерттеу және оффлайн фокус-топтар) және Алматы облысының әлеуметтік-инфрақұрылымдық картасының платформасында көрініс тапты (<https://uploads.knightlab.com/storymapjs/dab5f9eef2142d881ebc674cbf56bcc3/maps/kz/index.html> және <https://uploads.knightlab.com/storymapjs/dab5f9eef2142d881ebc674cbf56bcc3/mymapkaz/index.html> ).



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНА ӨТІНІШ ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1

### ӨТІНІШ ДАЙЫНДАУ

- Мақсат пен мәселені анықтап, сұрақты нақты тұжырымдаңыз.
- Қажетті құжаттар мен олардың көшірмелерін жинаңыз.

2

### ӨТІНІШ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ

Жеке: органға барып, нысанды толтырып, құжаттарды өткізіңіз. Почта арқылы: құжаттармен бірге хат жіберіңіз. Электронды: өтініштерді интернет арқылы беру үшін [eGov.kz](http://eGov.kz) порталын немесе [eOtinish](http://eOtinish) жүйесін қолданыңыз.

3

### ӨТІНІШ МАЗМҰНЫ

- Орган атауын, сұрақтың мәнін, барлық қажетті мәліметтерді көрсетіңіз.
- Құжаттарды тіркеп, байланыс мәліметтерін көрсетіп, қол қойып, күнін белгілеңіз.

4

### ЖАУАП КҮТУ

- Сұрақтың күрделілігіне байланысты 15-30 жұмыс күні ішінде жауап беріледі.
- Жауапты почта, электрондық пошта немесе портал арқылы алу.

5

### ШЕШІМГЕ ШАҒЫМДАНУ

Шағым дайындап, келіспеу себептерін көрсетіп, құжаттардың көшірмелерін тіркеңіз. Шағымды жеке, пошта арқылы немесе портал арқылы беріңіз. Жоғары тұрған орган шағымды белгіленген мерзімде қарауға міндетті.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҰСТАНА ОТЫРЫП, СІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНА ТИІМДІ ЖҮГІНІП, ҚАЖЕТТІ КӨМЕК НЕМЕСЕ СҰРАҒЫҢЫЗДЫҢ ШЕШІМІН АЛА АЛАСЫЗ



«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАНЫ БЕЛСЕНДІРУ»  
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Таралымы 300 дана

## Балқаш ауданындағы жобалар

**Жоба** «Мемлекеттік органдарға жүгіну тәртібі туралы ақпараттық науқан» Аудан тұрғындарының басқаруға және қатысуға үлкен қызығушылықтары бар, бірақ көптеген адамдар мемлекеттік органдарға жүгіну тәртібі туралы білмейді. Жобаның қорытындысы бойынша буклеттер әзірленіп, таратылды және халықтың мемлекеттік органдарға жүгіну тәртібі туралы хабардар болуы 40%-ға артты. Еріктілер мен қызметкерлер буклеттерді үлкен ынтамен таратып, олардың мазмұны мен әр тұрғын үшін маңыздылығын түсіндірді. Жоба керемет сәтті өтті! Аудан тұрғындары буклеттерді ризашылықпен қабылдап, ұсынылған ақпарат үшін алғыстарын білдірді. Бір қатысушының айтқандары әсіресе әсерлі болды: «Енді өзімді сенімдірек сезінемін және мемлекеттік органдардан қалай көмек сұрау керектігін білемін. Бұл біздің отбасымыз бен болашағымыз үшін өте маңызды».

**Жоба** «Ауылдағы балалар спорты», Балқаш ауданының шалғай ауылдарынан 70-тен астам баланы қамтыды. Жобаны іске асыру нәтижесінде:

- Балалардың физикалық жағдайы мен денсаулығы жақсарды.
- Спорт командалары құрылды және талантты спортшылар анықталды.
- Балалардың спортқа және дене шынықтыруға қызығушылығы артты.
- Әлеуметтік оқшаулану деңгейі төмендеді, балалар жаңа достар тауып, өздеріне деген сенімділіктері арта түсті. Жоба қатысушылар мен жергілікті қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланып, ауылдағы балалар спортын дамытуға инклюзивті көзқарастың тамаша үлгісі болды.





## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАМБЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЫ

**Жоспардың мақсаты** – ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсарту және қолайлы жағдайлар жасау.

**Жоспар инфрақұрылымды, жұмыспен қамтуды, медицинаны, білім беруді және ауыл шаруашылығын қолдауды дамыту шараларын қамтиды**



### НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР:

#### 1. Инфрақұрылым:

- Жолдарды салу және жөндеу.
- Таза ауыз суға қол жеткізу.
- Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту.

#### 2. Жұмыспен қамту:

- Жаңа жұмыс орындарын құру.
- Шағын және орта бизнесті қолдау.
- Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.

#### 3. Медицина:

- Медициналық мекемелерді салу және жаңғырту.
- Медициналық қызметтердің қолжетімділігі.

#### 4. Білім беру:

- Мектептерді салу және жөндеу.
- Қосымша білім беру және кәсіптік даярлау шарттары.

#### 5. Әлеуметтік қолдау:

- Аз қамтылған отбасыларға көмек.
- Жастар мен зейнеткерлерді қолдау.
- Мәдени және спорттық іс-шараларды дамыту.

### ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ПАЙДАСЫ:

- **Өмір сүру сапасы:** инфрақұрылымды жақсарту және қызметтердің қолжетімділігі.
- **Жұмыспен қамту:** жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлікті қолдау.
- **Білім беру және медицина:** сапалы қызметтерге қолжетімділік.
- **Әлеуметтік қолдау:** аз қамтылған отбасылар мен осал топтарға көмек.

ОСЫЛАЙША, ЖАМБЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЫ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ӨМІР СҮРУ ЖАҒДАЙЫН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖАҚСARTУҒА ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАНЫ БЕЛСЕНДІРУ»  
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Таралымы 300 дана

## Жамбыл ауданындағы жобалар

**Жоба:** Жамбыл ауданы аумағын дамыту жоспарлары туралы ақпараттық буклеттерді әзірлеу және тарату жөніндегі ақпараттық науқан. Жобаға қатысушылардың пікірі: «Сауалнамалар Жамбыл ауданы тұрғындарының 50%-ы өз аумақтарын дамыту жоспарлары туралы білмейтінін көрсетті. Біз адамдарды аудан өміріне белсенді қатысып, саналы шешім қабылдауы үшін оларды хабардар ету қажет екенін түсіндік. Жоба нәтижесінде тұрғындардың өз аумақтарын дамыту жоспарлары туралы хабардар болуы 35%-ға артты. Тұрғындар енді өздерін хабардар және ауданының болашағына сенімді сезінетінін атап өтті: «Бұл жоба бізді жаңа жетістіктерге шабыттандырды және тіпті шағын бастаманың да елеулі өзгерістерге әкелетінін дәлелдеді. Біз ауданымызды одан әрі жақсарту үшін жаңа жобалармен жұмыс істеуді жалғастырамыз және жастардың әрі қарайғы қолдауы мен белсенді қатысуына үміттенеміз».

**Жоба:** «Ауылды жерлердегі ерекше балаларға арналған иппотерапия» Жамбыл ауданындағы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастама болып табылады. Жобаны іске асыру тиімді оңалту көмегі, қолдау және білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз етті, бұл өз кезегінде балалардың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік жағдайында айтарлықтай оң өзгерістерге әкелді. Бұл жоба инклюзивті және қамқор қоғам құруға маңызды қадам болып табылатын жергілікті қоғамдастықтың хабардарлығын арттыруға және қолдау көрсетуге ықпал етті.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

Қазақстанда медициналық қызметтер сапа мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған стандарттармен реттеледі.

Бұл стандарттарға мемлекеттік және халықаралық нормалар, ұлттық бағдарламалар және аккредиттеу кіреді

### 1. Мемлекеттік сапа стандарттары:

- Медициналық қызметтердің сапасына қойылатын минималды талаптар. Жабдыққа,
- персоналдың біліктілігіне және процедураларға қойылатын талаптар. Денсаулық сақтау
- министрлігімен бекітіледі және үнемі жаңартылып тұрады.

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАНЫ БЕЛСЕНДІРУ»  
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

### 2. Халықаралық стандарттар:

- ДДСҰ және ЕЭК-пен ынтымақтастық.
- Пациенттердің қауіпсіздігі, инфекцияны бақылау, сапаны басқару және этика бойынша ұсыныстар.

### 3. Ұлттық денсаулық сақтау бағдарламалары:

- "Денсаулық" бағдарламасы медициналық қызметтерге қол жеткізуді жақсартуға бағытталған.
- Аурулардың алдын алу, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту және медициналық кадрларды оқыту шаралары.

### 4. Медициналық мекемелерді аккредиттеу:

- Міндетті және жүйелі аккредиттеу.
- Сапа стандарттарына, санитарлық-гигиеналық нормаларға және персоналдың біліктілігіне сәйкестігін тексеру.
- Аккредиттеу нәтижелері медициналық қызметтерді жақсарту үшін қолданылады.

### 5. Сапаны мониторингтеу және бағалау:

- Қызметтердің сапасын жақсарту үшін тұрақты мониторинг және бағалау.
- Мәліметтер жинау және талдау, ақпараттық технологияларды пайдалану.

### 6. Инфекцияларды бақылау және пациенттердің қауіпсіздігі:

- Инфекцияларды бақылау бойынша қатаң ережелер мен процедуралар.
- Персоналды үнемі оқыту, дезинфекция және стерилизация.
- Пациенттердің қауіпсіздігі: қателіктердің алдын алу, тәуекелдерді басқару және қолайлы жағдайлар жасау.

### 7. Этика және пациенттің құқықтары:

- Этика нормалары мен пациенттің құқықтарын сақтау.
- Ақпараттандырылған келісім, құпиялылық және құрмет көрсету құқығы.

Бұл стандарттар барлық азаматтарға медициналық көмектің қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасында медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бұл стандарттарды енгізу халықтың денсаулығын жақсартуға және денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді

Таралымы 300 дана

## Райымбек ауданындағы жобалар

**Жоба:** Медициналық қызмет көрсету стандарттары туралы ақпараттық буклеттерді әзірлеу және тарату жөніндегі ақпараттық науқан, жалпы тиражы 300 дана. Жоба жетекшісі Бақыт Асыржанованың сөздері: «Райымбек ауданында, әсіресе мүгедектігі бар адамдар үшін, медициналық қызмет көрсетуде қиындықтар бар. Көптеген тұрғындарға өз құқықтары мен медициналық қызмет көрсету стандарттары туралы ақпарат жетіспейді, бұл қызметтердің сапасының төмендеуіне әкеледі. Жергілікті тұрғындардың біреуінің сөзі әсіресе әсерлі болды: «Енді мен өз құқықтарымды білемін және оларды қалай қорғау керектігін білемін. Бұл мен үшін және менің отбасым үшін өте маңызды». Буклеттерді алған тұрғындармен жүргізілген сауалнамалар мен кездесулердің нәтижелері ақпараттың мазмұны мен пайдалы болуына жоғары қанағаттанушылықты көрсетті. Медициналық стандарттар туралы хабардарлық деңгейі айтарлықтай өсті, және адамдар медициналық көмекке сенімдірек жүгінетін болды. Халықтың медициналық қызмет көрсету стандарттарын түсіну жақсарды».

**Жоба:** «Кедергісіз ауыл өмірі» мүгедектер бастамашыл тобының жобасы. Бұл жоба әртүрлі физикалық және ақыл-ой шектеулері бар адамдардың бірге жиналып, дамып, жаңа достар табуына мүмкіндік беретін инклюзивті және қолдау көрсететін орта құруға бағытталған.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ СӘТТІЛІККЕ ЖЕТУІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Қазақстандағы әлеуметтік жобалардың сәтті жүзеге асуы тиімділік, тұрақтылық және ұзақ мерзімді ықпалды қамтамасыз ететін бірнеше негізгі факторларға байланысты

### 1. Анық және нақты мақсаттар мен міндеттер:

- Қоғамның нақты қажеттіліктерін көрсететін айқын мақсаттар мен міндеттерді анықтау. Толық
- әрекет жоспарын және уақыт шеңберін әзірлеу.

### 2. Тиімді басқару және үйлестіру:

- Тәжірибелі басшыларды тағайындау және кәсіби командаларды құру.

### 3. Сәйкес қаржыландыру:

- Жеткілікті қаржыландыруды, соның ішінде мемлекеттік және жеке инвестицияларды қамтамасыз ету. Ресурстарды тиімді бөлу.

### 4. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу:

- Мемлекеттік органдармен, ҰЕҰ, бизнес және жергілікті қауымдастықтармен серіктестік қатынастарды орнату. Тұрақты кездесулер мен кеңестер өткізу.

### 5. Мониторинг және бағалау:

- Мониторинг жүйесін енгізу және тұрақты тексерулер жүргізу. Жоспарды түзету арқылы жобаның сапасын жақсарту.

### 6. Ақпараттық қолдау және жариялылық:

- Қоғамды мақсаттар, міндеттер және нәтижелер туралы БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы белсенді түрде ақпараттандыру.
- Ақпараттық науқандар мен іс-шараларды ұйымдастыру.

### 7. Персоналды оқыту және дамыту:

- Квалификацияны арттыру үшін тренингтер мен семинарлар өткізу.
- Тәжірибе және үздік тәжірибелермен алмасу.

### 8. Бейімделгіштік және икемділік:

Жобаның өзгерістерге бейімделу қабілеті және іске асыру әдістерінің икемділігі.

### 9. Тұрақтылық және ұзақ мерзімді жоспарлау:

- Жоба аяқталғаннан кейін оның тұрақтылығын қамтамасыз ету стратегияларын әзірлеу.
- Ұзақ мерзімді мақсаттар мен жоспарларды енгізу.

**Бұл негізгі факторлар** Қазақстандағы әлеуметтік жобалардың сәтті жүзеге асуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРİNДЕ  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАНЫ БЕЛСЕНДІРУ»  
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Таралымы 300 дана

## Кеген ауданындағы жобалар

**Жоба:** Әлеуметтік жобалардың табысқа жетуінің негізгі факторлары туралы ақпараттық буклеттерді екі тілде әзірлеу және тарату жөніндегі ақпараттық науқан. Бұл жоба қоғамдық бастамаларға төмен қатысу проблемасын шешеді. Жобаға қатысушылардың пікірі: «Аудан тұрғындары буклеттерді қызығушылықпен қабылдап, алғыстарын білдірді. Қатысушылардың бірі былай деді: «Сіздерге рахмет, мен әлеуметтік жобалардың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Енді мен өзім қатысып, біздің қауымдастығымыздың өсуіне көмектескім келеді». Біз буклет алған тұрғындармен сауалнамалар мен кездесулер өткіздік. Олар ақпараттың пайдалы екенін айтты. Халықтың хабардарлық және қатысу деңгейі өсті. Адамдар қоғамдық бастамаларға белсенді қатыса бастады. Біз тұрғындарды әлеуметтік жобаларға белсенді қатысуға шабыттандыра алғанымызды мақтан тұтамыз».

**Жоба:** «Жақынына көмектес» Бұл жоба аясында Кеген ауданының шалғай ауылдарында 12 зейнеткер мен мүгедекке көмір мен отын беру бойынша көмек көрсетілді, бұл волонтерлер мен коммуналдық қызметтер қызметкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылды.

## 1. Білім беру:

- *Мәселе:* Оқу орындарының жетіспеушілігі.
- *Шешім:* Қашықтықтан оқыту, мобильді орталықтар.

## 2. Жұмыссыздық:

- *Мәселе:* Жұмыс орындарының аздығы.
- *Шешім:* Кәсіпкерлікті қолдау, инвестициялар.

## 3. Бос уақыт және спорт:

- *Мәселе:* Іс-шаралардың жетіспеушілігі.
- *Шешім:* Жастар орталықтары, спорт секциялары.

## 4. Медицина:

- *Мәселе:* Қызметтердің шектеулі қолжетімділігі.
- *Шешім:* Мобильді бригадалар, телемедицина.

## 5. Жастардың қалаға көшуі:

- *Мәселе:* Қалаларға көшу.
- *Шешім:* Өмір сүру жағдайларын және инфрақұрылымды жақсарту.



## СІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖОЛЫҢЫЗ: АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ БІЛІҢІЗ



«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАНЫ  
БЕЛСЕНДІРУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

## 6. Қоғамдық өмір:

- *Мәселе:* Қатысу мүмкіндіктерінің аздығы.
- *Шешім:* Білім беру науқандары, жастар кеңестері.

## 7. Көлік:

- *Мәселе:* Нашар инфрақұрылым.
- *Шешім:* Жолдарды дамыту, тұрақты маршруттар.

## 8. Ақпараттық қолдау:

- *Мәселе:* Ақпараттың жетіспеушілігі.
- *Шешім:* Ақпараттық порталдар, сессиялар.

Бұл шешімдер Алматы облысындағы ауыл жастарының білім алуына, жұмыс істеуіне, бос уақытын өткізуіне және қоғамдық өмірге белсене араласуына көбірек мүмкіндіктер беру арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсартуға септігін тигізеді

Таралымы 300 дана

## Жамбыл ауданындағы жастар жобалары

**Жоба:** Алматы облысындағы ауыл жастарының мәселелері және оларды шешу жолдары туралы ақпаратты екі тілде әзірлеу және тарату жөніндегі ақпараттық науқан. Таралымы 300 дана. Жобаның нәтижесінде көптеген оң эмоциялар болды. «Аудан тұрғындарының ризашылықпен айтқан жылы сөздері бізге әсер етті. Әсіресе, бір ананың мына сөздері ерекше әсер қалдырды: "Мен ешқашан біздің жастарымыздың қандай қиындықтарға тап болатынын ойламаппын. Сіздердің жобаларыңыздың арқасында енді оларды қолдаудың және мәселелерін шешудің қаншалықты маңызды екенін түсіндім." Осы сөздер бізді әрі қарай жұмыс істеуге шабыттандырды және дұрыс бағытта келе жатқанымызға сенім берді».

**Жоба:** «Балалар шығармашылығы орталығы», ол балалар мен жасөспірімдерді шығармашылықпен айналысу арқылы жан-жақты дамытуға жағдай жасауға бағытталған. Жобаны жүзеге асыру балалардың өмір сапасын жақсартты, олардың оқуға және әлеуметтік белсенділікке деген ынтасын арттырды, сондай-ақ дарынды балалардың ұмтылыстарына қолдау көрсетті. Жоба сондай-ақ қолдау, ынтымақтастық және шығармашылық атмосферасын құра отырып, жергілікті қауымдастықты нығайтуға ықпал етті.

Бұл бастамалар жергілікті халықтың хабардарлығы, қатысуы және өмір сапасы тұрғысынан айтарлықтай жақсартуларға әкелді, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарды нығайтуға және қолдау мен ынтымақтастық атмосферасын құруға көмектесті.

### Ұйғыр ауданындағы жобалар

**Жоба:** ықпал ету нысандары туралы ақпараттық буклеттерді әзірлеу және тарату жөніндегі ақпараттық науқан. Бұл жоба басқаруға қатысуға деген жоғары қызығушылықты шешеді, бірақ көптеген адамдар ықпал ету нысандары туралы білмеген. Жобаның қорытындысы бойынша басқаруға ықпал ету нысандары туралы білетін азаматтар саны 30%-ға өсті. Аудан тұрғындары буклеттерді үлкен қызығушылықпен қабылдап, ұсынылған ақпарат үшін алғыстарын білдірді. Бір қатысушының сөзі әсіресе әсерлі болды: «Менде қатысу мен көмек көрсету мүмкіндіктері соншалықты көп екенін ешқашан ойлаған емеспін. Енді мен өз ауданының қатысу мен басқаруға үлесімді қосуды қалаймын.»

**Жоба:** «Жасөспірімдердің күшіктермен әлеуметтік серуендері» Бұл жоба Ұйғыр ауданынан 19 жасөспірімді қамтыды. Жобаны іске асыру нәтижесінде:

- Жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайы жақсарды.
- Әлеуметтік белсенділік артып, оқшаулану сезімі төмендеді.
- Жасөспірімдер жануарларға қамқорлық жасауды үйреніп, жауапкершілік дағдыларын алды.
- Қатысушылар арасында достық байланыстар нығайып, ынтымақтастық дағдылары дамыды.

*Қайырлы күн, құрметті әріптестер. Civil Center Almaty (Алматы қаласының азаматтық орталығы / Алматы Азаматтық орталығы).*

*Біз сіздермен жақсы жаңалықтармен бөліскіміз келеді. Біз әлеуметтік желілердегі файл пішімін жаңарттық.*

***Instagram|Facebook| Telegram:***

***@CivilCenterAlmaty;***

***civilcenteralmaty***


***@CivilCenterAlmaty***

*Пошта арқылы жіберу де өзекті , сіз ҮЕҰ саласындағы алғашқы гранттар мен конкурстар, оқиғалар туралы біле аласыз.*

*Біздің ақпараттық бюллетеньді кім алғысы келеді?*

*Біздің менеджерге поштаңызды жіберіңіз, ол сізді біздің ақпараттық бюллетень базасына қосыңыз.*

*Сіз өзіңіздің поштаңызды және тұрғылықты жеріңізді көрсетуіңіз керек.*



Алматы қ. "ақпараттық-ресурстық орталық" ҚҚ 2005 жылы ҮЕҰ қалыптастыру және қалыптастыру үшін қолайлы орта құруға жәрдемдесу, әлеуметтік әріптестікті табысты дамыту перспективасымен әлеуметтік қызметтерді кәсіби ұйымдастыруға көмектесу мақсатында құрылды.

Алматы қ. ақпараттық-ресурстық орталығы ҚҚ қызметтің барлық бейінді бағыттары бойынша коммерциялық емес ұйымдар арасында ақпараттық алаң құру үшін жұмыс істейді.

- ◆ Алматы қ. "ақпараттық-ресурстық орталық" ҚҚ қызмет көрсетеді:
- ◆ ҮЕҰ қызметі, жұмыс тәжірибесі, талдамалық зерттеулер және өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде үнемі тарату бойынша;
- ◆ ҮЕҰ іс-шарасына ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- ◆ Алматы азаматтық орталығының сайтында ақпаратты (жаналықтар, конкурстар, хабарландырулар, гранттық қолдау) орналастыруды қамтамасыз етеді [www.civilcenteralmaty.kz](http://www.civilcenteralmaty.kz)
- ◆ Жаңартылатын дерекқорға және электрондық кітапханаға қол жеткізу;
- ◆ Жобаларды жазу, менеджмент, әлеуметтік маркетинг, ақпараттық технологияларды енгізу, сайттарды басқару және қолдау бойынша оқыту семинарларын өткізеді.

Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30/8, 139 кеңсе

Call-center: +7 (727) 398 95 25

Эл. пошта: [info@civilcenteralmaty.kz](mailto:info@civilcenteralmaty.kz)

[info-rc@inbox.ru](mailto:info-rc@inbox.ru)

Сайт: [www.civilcenteralmaty.kz](http://www.civilcenteralmaty.kz)



Civilcenteralmaty



"Ақпараттық-ресурстық орталық" қоғамдық қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қаржылық қолдауымен Алматы азаматтық орталығының жұмысын қамтамасыз етеді